

## Бөрлі ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2022 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 2022 жылғы 20 шілдедегі № 19 -4 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 26 шілдеде № 28906 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес, Бөрлі аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері - бөлу құнының 0 (нөл) пайызы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Бөрлі ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*мәслихат хатшысы*

*К. Ермекбаев*